

Қазақстан Республикасында гидроэнергетиканы дамыту жөніндегі қосымша шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 ақпандағы N 161 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жарғылық капиталына мемлекет 100 пайыз қатысатын "ҚазҚуат" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) құрылсын.

2. Қоғам қызметінің негізгі мәні:

1) энергия өндіруші ұйымдарды салуды, қайта жаңартуды және жаңғыртуды ұйымдастыру;

2) құрылатын, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдардың жарғылық капиталдарына инвестициялар салуды жүзеге асыру;

3) жұмыс істеп тұрған және құрылатын энергия өндіруші ұйымдарға қатысу үшін әлеуетті инвесторлар тарту болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қоғамның жарғылық капиталына ақы төлеу үшін 2005 жылға арналған республикалық бюджетте кезек күттірмейтін шығындарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 149244000 (бір жүз қырық тоғыз миллион екі жүз қырық төрт мың) теңге бөлсін.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қоғамның жарғылық капиталын:

осы қаулының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен бөлінген ақшалай қаражатқа ақы төлеу;

"Шардара СЭС" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін беру жолымен қалыптастыруды;

2) Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетіне иелік ету және оны пайдалану құқықтарын Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне беруді;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен құрылатын "Мойнақ СЭС" акционерлік қоғамы жарғылық капиталының 49 (қырық тоғыз) пайызы мөлшеріндегі үлесіне ақы төлеуге Шарын өзеніндегі Бестөбе су қоймасында салынып жатқан Мойнақ су электр станциясының бастапқы циклінің мүлкін беру шартымен "Бірлік" акционерлік қоғамының қатысуымен, Қоғамның "Мойнақ СЭС" акционерлік қоғамын құруын қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар мен өзгеріс енгізілсін:

1) "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Алматы қаласы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 123-98-жолмен толықтырылсын:

"123-98" "ҚазҚуат" АҚ";

2) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысында:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

"Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 20-2-жолмен толықтырылсын:

"20-2" "ҚазҚуат" АҚ";

3) "Жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншік объектілерінің тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 24 қазандағы N 1587 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 43, 513-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген 2006 жылға дейін акциялардың мемлекеттік пакеттері жекешелендіруге, оның ішінде жекешелендірудің алдын ала сатыларына жатпайтын акционерлік қоғамдардың тізбесінде:

реттік нөмірі 19-жол алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 55-жолмен толықтырылсын:

"55 "ҚазҚуат" АҚ" (Алматы қаласы) 100 %".

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі